

**Мемлекеттік кітапханалар мен мемлекеттік мұражай-қорықтар ұсынатын тауарларды сатудан және қызметтер көрсетуден түскен қаражатты пайдалану ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 8 тамыз N 884. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.04.04. N 262 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік кітапханалар мен мемлекеттік мұражай-қорықтар ұсынатын тауарларды сатудан және қызметтер көрсетуден түскен қаражатты пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 8 тамыздағы

N 884 қаулысымен

бекітілген

**Мемлекеттік кітапханалар мен мемлекеттік мұражай-қорықтар ұсынатын тауарларды сатудан және қызметтер көрсетуден түскен қаражатты пайдалану ЕРЕЖЕСІ**

**1. Тауарларды сатудан және қызметтер көрсетуден түскен қаражатты пайдалану тәртібі**

1. Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік кітапханалар ұсынатын тауарларды сатудан және қызметтер көрсетуден түскен қаражат мынадай бағыттар бойынша пайдаланылады:

мемлекеттік кітапхана мекемелерінің материалдық-техникалық базаларын нығайтуға;

қызметтер көрсету үшін тартылатын мамандар еңбегіне ақы төлеуге; шаруашылық шығыстарға (жылуға, электр энергиясына, сумен жабдықтауға

ақы төлеу, байланыс қызметтерін көрсетуге ақы төлеу және басқа да коммуналдық шығыстар, ағымдағы мақсаттар үшін заттар мен материалдар сатып алу, көліктік қызметтер көрсетуге ақы төлеу);

кітапхана қорларын толықтыру үшін әдебиеттер сатып алуға;

кітап қорының, оқу социологиясының сақталуы мәселелері бойынша ғылыми және әдістемелік әдебиеттер шығаруға;

жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың тапсырыстары (өтінімдері) бойынша оқыту жүргізу үшін оқу құралдарын, көрнекі материалдар сатып алуға;

жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың тапсырыстары (өтінімдері) бойынша өткізілетін оқыту тренингтеріне, семинарларына, конференцияларына;

бұқаралық іс-шараларды өткізуге (әдеби кештер, көрмелер, тұсаукесер рәсімдер, конкурстар, кітап күндері, фестивальдар);

бланк өнімдерін, брошюраларды, авторефераттарды, оқу билеттерін, талап парақшаларын жасауға және көбейтуге, мұқабаларды басып шығаруға, таракты т ү п т е у г е ;

кітапханалар басылымдарын, дыбыс жазбалар, бейнефильмдер, фонограммалар көшірмелерін сатуға;

кітаптарды, журналдарды жөндеуге, қалпына келтіруге және түптеуге, фото, кино, бейне түсірімдеріне, кітаптардан, журналдардан, газеттерден алынған жекелеген мақалалардың, материалдардың микрокөшірмесін алуға п а й д а л а н ы л а д ы .

2. Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мұражай-қорықтар ұсынатын тауарларды сатудан және қызметтер көрсетуден түскен қаражат мынадай бағыттар бойынша пайдаланылады:

мемлекеттік мұражай-қорықтың материалдық-техникалық базасын нығайтуға ;

ақылы қызметтер көрсету үшін тартылатын мамандар еңбегіне ақы төлеуге; шаруашылық шығыстарға (жылуға, электр энергиясына, сумен жабдықтауға ақы төлеу, байланыс қызметтерін көрсетуге ақы төлеу және басқа да коммуналдық шығыстар, ағымдағы мақсаттар үшін заттар мен материалдар сатып алу, көліктік қызметтер көрсетуге ақы төлеу);

жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың тапсырыстары (өтінімдері) бойынша оқыту жүргізу үшін үй-жайларды жалдауға және оқу құралдарын, көрнекі материалдар сатып алуға.

## **2. Есепке алу және есептілік тәртібі**

3. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік кітапханалар мен мемлекеттік мұражай-қорықтар ұсынатын тауарлар мен қызметтер көрсетуге арналған тарифтерді заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан

Республикасының мәдениет саласындағы мемлекеттік уәкілетті органы; заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мекемелер ұсынатын тауарлар мен қызметтер көрсетуге арналған тарифтерді - жергілікті атқарушы органдар бекітеді. <\*>

*Ескерту. 3-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.18. N 820 қаулысымен .*

4. Мемлекеттік мекемелер қызметтер көрсетуді сатудан алатын қаражат мемлекеттік мекеменің "Ақылы қызметтерден түскен қаражат" ағымдағы шотына есепке алынады және қатаң түрде мақсатына сай жұмсалады, бюджет қаражатына иелік ету құқығы берілген мемлекеттік мекеменің басшысы оларға иелік етуші болып табылады.

5. Қызметтер көрсетуді сатудан түскен қаражатты есепке алу мен, оның есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Қызметтер көрсетуді сатудан түскен қаражатты жұмсау үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейтін тәртіппен шығыстар сметасы жасалады және бекітіледі.